

Қамқоршылық кеңестің сайлануы жөніндегі конкурсты өткізу туралы хабарландыру

Мекен-жайы: Сейфуллина 19, **Пошта:** astana_sh2@mail.ru, **телефон нөмірлері:** 8-717-2-50-16-31.

Астана қаласы әкімдігінің «Ғафу Қайырбеков атындағы №2 мектеп-гимназиясы» Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығымен бекітілген Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларына сәйкес Қамқоршылық кеңестің өкілеттігін тоқтату туралы шешіміне байланысты Қамқоршылық кеңестің сайлануы жөніндегі конкурсты өткізу туралы хабарламаны жариялайды:

Құжаттарды қабылдау күндері: 02.09-21.09.2024ж. аралығы

Құжаттарды қабылдау хабарландыру орналастырылған күннен бастап күнтізбелік 20 (жиырма) күн өткен соң аяқталады.

9. Үміткерлер Қамқоршылық кеңесті сайлау және оның құрамы бойынша ұсыныстарды қабылдау туралы хабарламада көрсетілген мерзімде Комиссияға мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) өтінім (еркін түрде);
- 2) үміткердің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 3) қазақ немесе орыс тілдеріндегі түйіндеме;
- 4) білімі бар екендігі туралы құжаттың көшірмесі (бар болса);
- 5) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің аумақтық бөлімшелері берген соттылығының және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың жоқтығын растайтын құжаттар.

Үміткерлер өздерінің кәсіби (немесе) қоғамдық қызметі туралы қосымша мәліметтер ұсынады.

10. Қамқоршылық кеңестің құрамына:

- 1) осы білім беру ұйымындағы білім алушылардың ата-аналары немесе заңды өкілдері (әрбір сынып параллелінен осы білім беру ұйымындағы білім алушылардың бір ата-анасы немесе заңды өкілі) – 11 адамнан аспайды;
- 2) педагогикалық еңбек ардагерлері (бар болса) – 1 адам;
- 3) жергілікті өкілді және/немесе атқарушы, және/немесе құқық қорғау органдарының өкілдері – 1-3 адам;
- 4) үкіметтік емес (коммерциялық емес) ұйымдардың өкілдері – 1-2 адам;
- 5) қайырымдылық жасаушылар және/немесе меценаттар (бар болса) – 1-2 адам;
- 6) бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері (бар болса) – 1 адам;
- 7) оқушылық өзін-өзі басқару органдарының өкілдері – 1-2 адам.

12. Комиссия өтініштерді беру мерзімі аяқталған күннен бастап (23.09-01.10 аралығы) 7 (жеті) жұмыс күні ішінде үміткерлер ұсынған құжаттарды қарайды, үміткердің осы Қағидалардың 9, 10, және 11-тармақтарына сәйкестігін бағалауды жүргізеді. Жүргізілген бағалау нәтижелері бойынша Комиссия (02.10-15.10) 10 (он) жұмыс күні ішінде осы Қағидалардың талаптарына сәйкес үміткерлерді іріктеуді жүргізеді.

Қамқоршылық кеңес мүшелігіне үміткерлерді іріктеу кезінде білімінің болуы, кәсіби білімі, құзыреттілігі, іскерлік беделі ескеріледі.